



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

ЗАНДЫ ТУЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
2003 ж. « 2 » қыркүйекте жүргізілді
БСН 950240000412
№ Р41-1900-АҚ
Бастапқы тіркелген күні
1995 ж. « 2 » ақпан



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
2016 ж. « 11 » шілде
БСН 950240000412
№ Р41-1900-АҚ
Бастапқы тіркелген күні
1995 ж. « 2 » ақпан

«Еуразиялық банк» АҚ
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ

«Еуразиялық банк» АҚ
жалғыз акционерінің
2016 жылғы «22» маусым
шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Алматы қ.

Осы Жарғы «Еуразиялық банк» акционерлік қоғамының, бұдан әрі «Банк» деп аталады, құқықтық мәртебесін, ұйымдастыру және қызмет ету негіздерін, сондай-ақ Банк қызметін тоқтату талаптарын анықтайтын құжат болып табылады. Жарғы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес әзірленген.

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Банктің толық және қысқартылған атауы:

- а) мемлекеттік тілде – «Еуразиялық банк» акционерлік қоғамы, «Еуразиялық банк» АҚ;
- б) орыс тілінде – Акционерное общество «Евразийский банк», АО «Евразийский банк»;
- в) ағылшын тілінде – Joint Stock Company «Eurasian Bank», JSC «Eurasian Bank».

1.2. Банк – коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға, ол осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес банктік қызметті іске асыруға құқылы.

Банктің меншік құқығымен жекелеген мүлкі бар және осы мүлікпен міндеттемелері бойынша жауап береді, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді сатып ала және іске асыра алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады. Банктің дербес балансы және корреспонденттік шоттары бар.

Банктің ресми мәртебесі Банк ретіндегі заңды тұлғаны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеумен және қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) банктік операциялар жүргізу туралы лицензиясымен анықталады.

Банктің мөрі, бланктері, эмблемалары және өз қызметін іске асыруға қажетті басқа деректемелері бар.

1.3. Банктің атқарушы органының (Басқармасының) орналасқан жері: 050002, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 56.

1.4. Банктің меншік нысаны - жекеменшік.

1.5. Банк банктік қызметін іске асыру процесінде Конституцияны және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Қазақстан Республикасымен жасалған халықаралық шарттарды (келісімдерді), сондай-ақ оның негізінде және заңнамалық актілерді орындау үшін шығарылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін және оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны, Банк акционерлерінің (акционерінің) Жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің шешімін басшылыққа алады.

1.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Банк акционерлердің Жалпы жиналысы бекіткен корпоративтік басқару кодексін қабылдайды.

1.7. Банк өз акционерлерінің мүлкінен жекеленген мүлікке ие және олар бойынша міндеттемелеріне жауап береді. Банк өз мүлкі шегінде міндеттемелері бойынша жауап береді.

Банк акционері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Банк өзіне тиесілі акциялар құны шегінде, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларды қоспағанда, қызметіне байланысты залалдар тәуекелін көтереді.

1.8. Мемлекет Банк міндеттемелері бойынша жауап бермейтіндей Банк те мемлекет міндеттемелері бойынша жауап бермейді, Банк немесе мемлекет мұндай жауапкершілікті қабылдайтын жағдайды қоспағанда.

1.9. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өз еншілес ұйымдарын құруға және Қазақстан Республикасының аумағында да одан тыс жерлерде де Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өкілдік, филиалдар және бөлімшелер ашуға құқылы.

Банк филиалдарының директорлары Банк мүддесін үшінші тұлғалармен қатынастарда өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде білдіру құқығы туралы сенімхатқа қол қоюға құқылы.

1.10. Банк қызметінің мерзімі шектелмейді.

II. БАНКТИҢ БАНКТИК ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТТЕРІ

2.1. Банк қызметінің мақсаты табыс табу.

2.2. Банк уәкілетті органның және басқа мемлекеттік органдардың лицензиялары бар болғанда белгілі бір банктік және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа операцияларды ұлттық та шетелдік те валютамен іске асырады.

2.3. Банк уәкілетті органның лицензиясы бар болғанда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметін іске асырады.

2.4. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері үшін рұқсат етілген лицензияланбайтын қызметтің барлық түрлерін іске асырады.

Қызметтің қандай да бір түрін іске асыру үшін уәкілетті органдардың арнайы рұқсаты (лицензия, сертификат) қажет болған жағдайда Банк қызметтің бұл түрін белгіленген тәртіппен тиісті рұқсат (лицензия, сертификат) алғаннан кейін және оған сәйкес іске асырады.

2.5. Алынып тасталды.

III. БАНК МҮЛКІ МЕН КАПИТАЛЫ

3.1. Мүлік Банкке құқық меншігімен тиесілі.

Банк мүлкін құрастыру көздері:

- акция сатудан түскен қаржы;

- қызметінен алынған табыстар;

- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған басқа көздер.

3.2. Банктің жарғы капиталы құрылтайшылардың акцияларды номиналдық құнымен және инвесторлардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес анықталатын орналастыру бағалары бойынша төлеуі арқылы құрастырылады және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен беріледі.

3.3. Банк акциялары орналастыру кезінде тек Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен ғана төленуі тиіс.

3.4. Банктің жарғы капиталының ұлғаюы Банктің жарияланған акцияларын орналастыру арқылы іске асырылады.

3.5. Банктің реттегіш меншік капиталы - Банк инвестициялары шегерілген капитал сомасы. Банктің реттегіш меншік капиталы мен инвестицияларын есептеу әдістемесін уәкілетті орган анықтайды.

3.6. Банктік қызметті іске асырумен байланысты залалдарды өтеу мақсатында Банк резервтік капитал құрастырады. Резервтік капитал жай акциялар бойынша дивиденд төлегенге дейін Банктің таза табысы есебінен құралады. Банктің резервтік капиталының ең аз мөлшерін уәкілетті орган белгілейді.

Қандай да бір төлем нәтижесінде Банктің резервтік капиталы уәкілетті орган белгілеген мөлшерден кем болса, Банк резервтік капиталды көрсетілген көлемге дейін толықтыру үшін аударымдар жасауды жанғыртуға міндетті. Банк залалдары резервтік капитал есебінен өтеледі, ал ол жеткіліксіз болғанда - Банктің басқа меншік құқығы есебінен.

3.7. Банк Банктің Директорлар кеңесі анықтайтын басқа қорларды, пайдалану түрлері мен тәртібін қалыптастырады.

3.8. Өз қызметін бақылау мен сенімділіктің тиісті түрдегі деңгейін өткізілетін операциялар сипаты мен ауқымына сәйкес қамтамасыз ету мақсатында Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен және талаптармен оларға қарсы провизия (резерв) құра отырып, берілген кредиттерді және басқа активтерді жіктемелейді.

IV. БАНК АКЦИЯЛАРЫ. БАНК АКЦИОНЕРЛЕРІ. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ. ТАЗА ТАБЫСТЫ БӨЛУ

4.1. Банк жай және артықшылықты акциялар шығарады. Орналастыру кезеңінде Банктің артықшылықты акцияларының саны оның орналастырған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауға тиіс.

Банк өз акцияларын құжаттамасыз нысанда шығарады.

Акция бөлінбейді.

Жай акция акционерге акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығымен қатысу құқығын, Банктің таза табысы болғанда дивиденд алу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен таратылғанда мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

Артықшылықты акциялардың иелері - акционерлердің жай акциялардың иелері - акционерлердің алдында осы Жарғының 4.2-1. - тармағымен белгіленген алдын ала айқындалған кепілді мөлшерде дивидендтер алуға және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі - АҚ туралы заң) белгіленген тәртіппен Банкті тарату кезінде мүлкінің бір бөлігіне артықшылықты құқығы бар. Артықшылықты акция, осы Жарғының 4.2-1. - тармағымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, акционерге Банкті басқаруға қатысуға құқық бермейді.

Банк акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесін тіркеуші жүргізеді.

4.2. Банк акционерінің құқықтары:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда қарастырылған тәртіппен Банкті басқаруға қатысу;

1-1) дауыс беретін акциялардың бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, АҚ туралы Заңға сәйкес, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтарды қосу Директорлар кеңесіне ұсынылсын;

2) дивиденд алу;

3) Банк қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде Банк акционерлерінің Жалпы жиналысында немесе осы Жарғыда анықталған тәртіппен Банктің қаржылық есептілігімен танысу;

4) Банк тіркеушісінен немесе номиналдық ұстаушыдан бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірме алу;

5) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысына Банктің Директорлар кеңесіне сайлауға үміткерді ұсыну;

6) соттық тәртіппен Банк органдары қабылдаған шешімдерді даулау;

7) басқа акционерлер Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызына дербес немесе жиынтығында ие болғанда АҚ туралы Заңның 63 және 74 баптарында қарастырылған жағдайларда Банктің лауазымды тұлғаларының Банкке келтірілген залалдарды өтеуі және Банктің лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) олар жасауға мүдделі мәмілелер туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған кірістерін (табыстарын) қайтаруы туралы талаппен сот органдарына өтініш жасау;

8) Банктің қызметі туралы жазбаша сұраулар жасау және Банкке сұрату түскен күннен бастап отыз күнгізбелік күн ішінде дәлелді жауаптар алу;

9) Банк таратылғанда мүліктің бір бөлігіне құқығы;

10) акцияларды немесе оның акцияларына айырбасталатын Банктің басқа бағалы қағаздарын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларды қоспағанда, АҚ туралы Заңда белгіленген тәртіппен артықшылықпен сатып алу;

11) акционерлердің жалпы жиналысының қоғам акцияларының санын өзгерту немесе АҚ Заңда қарастырылған тәртіппен түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысу.

4.2-1. Артықшылықты акцияларға ие Банк акционерінің құқықтары:

1) жай акцияларды меншіктенушілер - акционерлер алдында бір артықшылықты акция үшін 250 теңге мөлшерінде кепілдендірілген мөлшерде дивиденд алуға артықшылықты құқық. Бұл ретте артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивиденд мөлшері осы кезең үшін жай акциялар бойынша есептелетін дивиденд мөлшерінен кем болмауы тиіс;

2) Банкті басқаруға қатысу, егер:

а) Банк акционерлерінің жалпы жиналысы артықшылықты акцияларға ие акционер құқығын шектейтін шешім шығарылатын мәселені қарастырса. Мұндай мәселе бойынша шешім шектеу үшін орналастырылған (сатып алынған шегерілген) артықшылықты акциялардың жалпы санының үштен екісінен кем дауыс берілген жағдайда ғана қабылданған деп есептеледі.

Артықшылықты акцияларға ие акционердің құқығын шектеуі мүмкін шешім қабылдау мәселелеріне мыналар туралы мәселелер жатады:

– мөлшерінің азаяуы немесе артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивиденд мөлшерін есептеу тәртібінің өзгеруі;

– артықшылықты акциялар бойынша дивиденд төлеу тәртібінің өзгеруі;

– артықшылықты акцияларды Банктің жай акцияларына айырбастау;

б) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы Банкті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы мәселені қарастырады;

в) артықшылықты акциялар бойынша дивиденд осы Жарғының 4.10. тармағында төлеу үшін белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап үш ай ішінде толық төленбеген, дивиденд АҚ туралы Заңда белгіленген негіздемедер бойынша есептелмеген жағдайларды қоспағанда;

г) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы Банк АҚ туралы Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алу кезінде артықшылықты акциялардың құнын анықтау (құрылтайшы жиналыс бекітпеген болса, әдістемені бекіту) әдістемесіне енгізілетін өзгерістерді бекіту туралы мәселені қарастырады.

Артықшылықты акцияларды меншіктенуші болып табылатын Банк акционері жүзбе-жүз тәртіппен өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және олар қарастыратын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

3) алынып тасталды.

4.3. Ірі акционердің құқықтары:

1) акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап ету немесе Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда сотқа өтініш жасау;

2) алынып тасталды;

3) Банктің Директорлар кеңесі отырысын шақыруды талап ету;

4) Банк аудитін өз есебінен аудиторлық ұйымның жүргізуін талап ету.

Жарғының 4.2. - тармағының 1-1) тармақшасымен көзделген талапты акционерлердің Жалпы жиналысын шақыратын орган немесе тұлғалар үшін міндетті орындау.

4.4. Банк акционерінің міндеттері:

1) акцияны төлеу;

2) он күн ішінде Банк тіркеушісі және осы акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыларды Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгертілгені туралы хабардар ету;

3) Банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпиядан тұратын ақпаратты жария етпеу;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа міндеттерді орындау.

4.5. Банк айырбасталатын акциялар шығаруға құқылы. Егер Банк жарияланған акцияларды немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздар орналастыруға, сондай-ақ бұрын сатып алынған көрсетілген бағалы қағаздарды сатуға ниет білдірсе, ол шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде бұл туралы өз акционерлеріне жазбаша хабарландыру немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы бағалы қағаздарды орналастыру (сату) туралы шешім қабылдаған Банк органы бекіткен орналастыру (сату) бағасы бойынша оларда бар акциялардың санына парапар тең талаптармен бағалы қағаздарды сатып алуға ұсыныс жасауға міндетті. Акционер Банк акцияларды орналастыру (сату) туралы хабарландырған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде акцияларды немесе Банк акциясына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарды сатып алуға артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес өтінім беруге құқылы.

Бұл ретте Банктің жай акцияларына ие акционердің жай акцияларды немесе Банктің жай акциясына айырбасталатын басқа акцияларды артықшылықпен сатып алуға құқығы бар, Банктің артықшылықты акцияларына ие акционердің артықшылықты акцияларды артықшылықпен сатып алуға құқығы бар.

Акцияларды немесе артықшылықпен сатып алу құқығы бойынша сатып алынатын Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарды төлеуді акционер сатып алуға өтінім берілген күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде іске асырады.

Егер Банк жарияланған акцияларды орналастыруға, сондай-ақ бұрын сатып алынған акцияларды пруденциалдық және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа нормалар мен лимиттерді орындау мақсатында сатуға ниет білдірсе, уәкілетті органның талап етуі бойынша акцияларды орналастыру туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өз акционерлеріне жазбаша хабарландыру немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы бағалы қағаздарды орналастыру (сату) туралы шешім қабылдаған Банк органы бекіткен орналастыру (сату) бағасы бойынша оларда бар акциялардың санына парапар тең талаптармен бағалы қағаздарды сатып алуға ұсыныс жасауға міндетті. Акционер Банк акцияларды орналастыру (сату) туралы хабарландырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде акцияларды немесе Банк акциясына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарды сатып алуға артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес өтінім беруге құқылы.

Артықшылықпен сатып алу құқығы бойынша сатып алынатын Банктің акцияларын төлеуді акционер оларды сатып алуға өтінім берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде іске асырады.

Акцияларды немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздар Жарғының осы тармағында белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда өтінім жарамсыз деп есептеледі.

Банк акционерлерінің бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алу құқығын жүзеге асыру немесе одан бас тартуды уәкілетті орган белгілейді.

Бағалы қағаздарды және Банк кредиторлары алдындағы басқа ақшалай міндеттемелерді оның жай акцияларына айырбастау мынадай құжаттардың бірінің негізінде іске асырады:

1) Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару проспектісі;

2) Қазақстан Республикасының банктер және банктік қызмет туралы заңнамасында қарастырылған тәртіппен қабылданған Банкті қайта құрылымдау жоспары;

3) Банк төлемге қабілетсіз борышкер болып табылатын болса, Қазақстан Республикасының сауықтыру және банкроттық туралы заңнамасында қарастырылған тәртіппен қабылданған сауықтыру жоспары.

4.6. Банктің өз жарияланған акцияларын бағалы қағаздардың бастапқы нарығында орналастыру кезінде сатып алуына рұқсат етілмейді.

4.7. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа бюджетке төленуі тиіс төлемдерді төлегеннен кейін таза табыс Банк акционерлерінің Жалпы жиналысында анықталған тәртіппен пайдаланылады.

Банк акционерлерінің жалпы жиналысы есептік қаржылық жыл үшін Банктің таза табысын бөлу тәртібін бекітеді, жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылданады және Банктің бір жай акциясына есептегендегі жыл қорытындысы бойынша дивиденд мөлшері бекітіледі.

4.8. Банк акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім акционерлердің Жалпы жиналысында Банктің дауыс беруші акцияларының жай көпшілігімен қабылданған жағдайда ақшамен немесе Банктің бағалы қағаздарымен төленеді, артықшылықты акциялар бойынша дивидендті қоспағанда.

Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендті бағалы қағаздармен төлеуге рұқсат етілмейді.

Банк акциялары бойынша бағалы қағаздармен дивиденд төлеуге мұндай төлем Банктің жарияланған акцияларымен және олар шығарған облигациялармен іске асырылған жағдайда акционердің жазбаша келісімі болғанда рұқсат етіледі.

Дивиденд алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивиденд төлеу басталатын күннің алдындағы күні жасалуы тиіс.

4.9. Банктің жай акциялары бойынша дивиденд төлеу тоқсан, жарты жыл немесе жыл қорытындылары бойынша іске асырылуы мүмкін.

Банктің жай акциялары бойынша тоқсан немесе жарты жыл қорытындылары бойынша дивиденд төлеу тек тиісті кезең үшін Банктің қаржылық есептік аудиті өткізілгеннен кейін ғана және акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша ғана іске асырылады. Банктің жай акциялары бойынша жыл қорытындысымен дивиденд төлеу туралы шешімді акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдайды. Акционерлердің Жалпы жиналысының тоқсан немесе жарты жыл қорытындылары бойынша жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешімінде бір жай акцияға дивиденд мөлшері көрсетіледі.

Банктің жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шешімі бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

Банктің жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім мынадай мәліметтерден тұруға тиіс:

- 1) Банктің атауы, орналасқан жері, банктік және басқа деректемелері;
- 2) дивиденд төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға есептегенде дивиденд мөлшері;
- 4) дивиденд төлеу басталған күн;
- 5) дивиденд төлеу тәртібі мен нысаны.

Акционерлердің жалпы жиналысы ақпаратты шешімі қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялай отырып, Банктің жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Дивидендтерді төлеу акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болған кезде, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдаған сәттен бастап 90 (тоқсан) күннен кешіктірмей, жүзеге асырылады.

Акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу акционер Банкке өтініш білдірген сәттен бастап 90 (тоқсан) күн ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

4.10. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивиденд төлеу Банк органының шешімін талап етеді.

Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтің кепілдендірілген мөлшерін төлеу қаржылық жыл аяқталғаннан кейін бірінші жиырма бес күнтізбелік күн ішінде жылына бір рет іске асырылады. Банктің артықшылықты акциялары бойынша есептелетін дивидендтің мөлшері осы кезең үшін Банктің жай акциялары бойынша есептелетін дивиденд мөлшерінен кем болмауы тиіс. Артықшылықты акциялар бойынша дивиденд алу құқығы бар акционерлердің тізімі дивиденд төлеу жүргізілетін қаржылық жыл жылдың соңғы жұмыс күніндегі жағдайға сәйкес тіркеледі.

Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивиденд толық төленіп болғанша, оның жай акциялары бойынша дивиденд төлеу жүргізілмейді.

Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивиденд төлеу мерзімі басталар алдындағы бес жұмыс күні ішінде Банк бұқаралық ақпарат құралдарында мынадай мәліметтерді көрсете отырып, артықшылықты акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы ақпарат жариялауға міндетті:

- 1) Банктің атауы, орналасқан жері, банктік және басқа деректемелері;
- 2) дивиденд төленетін кезең;
- 3) бір артықшылықты акцияға есептегенде дивиденд мөлшері;
- 4) дивиденд төлеу басталған күні;
- 5) дивиденд төлеу тәртібі мен нысаны.

4.11. Банк өзі орналастырмаған немесе сатып алмаған акциялар бойынша, сондай-ақ сот немесе Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы тарату туралы шешім қабылдаса, дивиденд есептелмейді және төленбейді.

Мынадай жағдайларда Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивиденд есептеуге рұқсат етілмейді:

- 1) меншік капиталының теріс мөлшері кезінде немесе Банктің меншік капиталының мөлшері акциялары бойынша дивиденд есептеу нәтижесінде теріс болса;
- 2) егер Банк Қазақстан Республикасының сауықтыру және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлемге қабілетсіз немесе әлуетті емес белгілеріне жауап берсе немесе көрсетілген белгілер Банкте акциялар бойынша дивиденд есептеу нәтижесінде пайда болса;
- 3) Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметі туралы» Заңында (бұдан әрі - Банктер туралы заң) қарастырылған жағдайларда.

4.12. Акционер АҚ туралы Заңда және Жарғының 4.11. тармақта белгіленген негіздемелер бойынша дивиденд есептелмеген жағдайды қоспағанда, Банк берешегі пайда болған мерзімге байланыссыз алынбаған дивидендті төлеуді талап етуге құқылы.

Дивиденд төлеу белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда акционерге дивидендтің негізгі сомасы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніндегі қаржыландырудың ресми мөлшерлемесіне қарай есептелетін өсімпұл төленеді.

4.13. Банк акцияларымен мәміле жасау, Банк бастамасы және акционердің талап етуі бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу, сондай-ақ Банк акцияларымен басқа операциялар мен әрекеттер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іске асырылады.

Банк бір түрдегі орналастырылған акцияларды акциялардың басқа түріне айырбастауға құқылы. Банктің орналастырылған акцияларын айырбастау талаптары, мерзімдері және тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және акцияларды шығарудың проспектісінде белгіленеді.

V. БАНК ОРГАНДАРЫ. ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚҰЗЫРЕТІ

5.1. Банк органдары болып табылады:

- 1) жоғарғы орган - акционерлердің Жалпы жиналысы (барлық дауыс беруші акциялар бір акционерге тиесілі жағдайда - осы акционер);
- 2) басқару органы - Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган - Басқарма.

5.1-1. Банк банкрот деп танылған немесе сауықтыру рәсімі қолданылған және Қазақстан Республикасының сауықтыру және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген уақытша немесе банкроттық немесе сауықтыру басқарушысы тағайындалған жағдайда басқару бойынша барлық өкілеттік тиісінше уақытша немесе банкроттық немесе сауықтыру басқарушысына өтеді.

5.2. Акционерлердің Жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Банк акционерлердің жылдық Жалпы жиналасын жыл сайын өткізуге міндетті. Басқа жалпы жиналыстар кезектен тыс болып табылады.

Акционерлердің жыл сайынғы Жалпы жиналысында:

- 1) Банктің жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;
- 2) Банктің аяқталған қаржылық жыл үшін таза табысын бөлу тәртібі мен Банктің бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшері анықталады;
- 3) Банктің және оның лауазымдық тұлғаларының әрекеттері туралы акционерлердің өтініштері және оларды қарастыру қорытындылары туралы мәселе қарастырылады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы Банк акционерлеріне Директорлар кеңесі және Банк Басқармасы мүшелерінің сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат береді.

5.3. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде өткізілуі тиіс.

5.4. Барлық дауыс беруші акциялар бір акционерге тиесілі болған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. АҚ туралы Заңда және осы Жарғыда акционерлердің Жалпы жиналысының өкілеттігіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді мұндай акционер жеке

қабылдайды және бұл шешімдер артықшылықты акциялар куәландырган құқыққа нұқсан келтірмейтін және шектемейтін жағдайда жазбаша нысанда ресімделуі тиіс.

5.5. Осы Жарғының 5.4. тармағында қарастырылған жағдайда Банктің жалғыз акционері немесе барлық дауыс беруші акцияларға ие тұлға заңды тұлға болса, АҚ туралы Заңда және осы Жарғыда акционерлердің Жалпы жиналысының өкілеттігіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Банк органы, лауазымды тұлғалары немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес мұндай шешім қабылдауға құқығы бар қызметкерлері қабылдайды.

5.6. Акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) осы Жарғыға өзгерістер және толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Банкті ерікті қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Банктің жарияланған акциялары санының ұлғайтылғаны немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акциялары түрлерінің өзгертілгені туралы шешім қабылдау;
- 5) Банктің бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібін анықтау, сондай-ақ оларды өзгерту;
- 6) Есептеу комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, олардың мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне міндеттерін орындағаны үшін сыйақы және шығыстар өтемақысын төлеу мөлшері мен талаптарын анықтау;
- 8) Банк аудитін іске асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 9) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- 10) Банктің есептік қаржылық жыл үшін таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін бекіту;
- 11) Банктің жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау;
- 12) Банк акцияларын ерікті делистингілеу туралы шешім қабылдау;
- 13) Банктің басқа заңды тұлғалар құруға немесе қызметіне қатысуы туралы немесе қатысушылардың (акционерлердің) құрамынан басқа заңды тұлғалардың Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомадағы активтерінің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы шығуы туралы шешім қабылдау;
- 14) Банктің акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерді хабарландыру нысанын анықтау және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
- 15) Банк АҚ туралы Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған артықшылықты акциялардың құнын анықтау (құрыптайшы жиналыс бекітпеген болса, әдістемені бекіту) әдістемесіне енгізілетін өзгерістерді бекіту;
- 16) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 17) акционерлерге Банк қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін анықтау, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралын анықтау;
- 18) Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 19) бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияға айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың талаптары мен тәртібін анықтау;
- 19-1) нәтижесінде елу және одан көп пайыздар иеліктен шығарылатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылдау күні құны Банктің активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайыздарын құрайтын мүлікті Банк нәтижесінде иеліктен шығаратын (иеліктен шығарылуы мүмкін) ірі мәмілені Банктің мақұлдауы туралы шешім қабылдау;
- 20) АҚ туралы Заңда және (немесе) осы Жарғыда акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған басқа мәселелер, қабылданған шешімдер.

5.7. Осы Жарғының 5.6. тармағының 2)-4) және 15) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімін Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының білікті көпшілігі қабылдайды.

Осы Жарғының 5.6. тармағының 19) тармақшасында көрсетілген мәселе бойынша акционерлердің жалпы жиналысы бір түрдегі орналастырылған акцияларды акцияның басқа түріне айырбастауға қатысты артықшылықты акцияларға ие акционердің құқығын шектеуі мүмкін болатын шешім, мұндай шешім үшін орналастырылған (сатып алынған шегерілген) артықшылықты

акциялардың жалпы санының үштен екісінен кем емес дауыс берілген жағдайда ғана қабылданды деп есептеледі.

Акционерлердің жалпы жиналысының басқа мәселелер бойынша шешімдері, егер АҚ туралы Заңда өзгеше белгіленбесе, дауыс беруге қатысушы Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

5.8. Шешім қабылдау акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, Банктің лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің құзыретіне беруге рұқсат етілмейді, Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше қарастырылмаса.

Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Банктің басқа органдарының кез келген шешімін алып тастауға құқылы.

5.9. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Банктің қызметіне жалпы басшылық етеді.

5.10. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Банк қызметінің басым бағыттарын және Банктің даму стратегиясын анықтау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда Банктің даму жоспарын бекіту;

2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) орналастыру (сату) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегіндегі орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім;

4) Банктің орналастырылған акцияларды сатып алу немесе басқа бағалы қағаздарды және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Банктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

6) Банк облигацияларын және туынды бағалы қағаздар шығару талаптарын анықтау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

7) Банк Басқармасының сандық құрамын, өкілеттік мерзімі анықтау, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

8) лауазымдық жалақылар мөлшерін және еңбекақы төлеу және Банк Басқармасы басшысы мен мүшелеріне сыйлықақы беру талаптарын анықтау;

9) Корпоративтік басқару, Ішкі аудит қызметі және Комплаенс қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін және жұмыс тәртібін анықтау, лауазымға тағайындау және босату, осы қызметтер басшысы мен қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы төлеу тәртібін, мөлшерін және талаптарын, сондай-ақ комплаенс-тәуекел басқаруды ұйымдастыру және үйлестіру үшін жауапты қызметкерді (Бас комплаенс-бақылаушы) анықтау;

10) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы талаптарын анықтау;

11) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйым қызметі ақысының мөлшерін, сондай-ақ Банк акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушыны анықтау;

12) Банктің ішкі қызметін, сондай-ақ Банк қызметіне байланысты тәуекелдерді және тәуекелдер мониторингін шектейтін саясаттар мен рәсімдерді реттейтін құжаттарды (Басқарма Банк қызметін ұйымдастыру үшін қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), сондай-ақ Банк сауда-саттығын өткізу мен бағалы қағаздарға жазылу талаптарын белгілейтін ішкі нормативтік құжатты бекіту;

13) Банк филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

14) акцияларының он және одан аса пайызы (жарғы капиталына қатысу үлесі) Банкке тиесілі заңды тұлға акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

15) Банктің басқа заңды тұлғалар акцияларының он және одан асатын пайызын (жарғы капиталына қатысу үлесі) сатып алу (иеліктен шығару) туралы шешім қабылдауы;

16) Банк міндеттемелерінің өзінің меншік капиталы мөлшерінің он және одан асатын пайызын құрайтын көлемге ұлғаюы;

17) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

18) Банк және оның қызметі туралы, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпиядан тұратын ақпаратты анықтау;

19) Мәмілелердің жасалуында Банктің мүдделілігі бар мәмілелерді және нәтижесінде осындай мәміле туралы шешімді қабылдау күні құны Банктің активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің жиырма бестен бастап елу пайызға дейін құрайтын мүлікті Банк иеліктен шығаратын ірі мәміле жасау туралы шешім қабылдау;

19-1) Банктің ұйымдастырушылық құрылымын бекіту;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда қарастырылған акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын басқа мәселелер.

5.11. Тізбесі осы Жарғының 5.10. тармағында белгіленген мәселелер Банк Басқармасына шешуге берілмейді.

Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Банк Басқармасы құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

5.12. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар және акционерлер деңгейінде ықтимал кикілжіңдерді, оның ішінде Банк мүлкін заңсыз пайдалану және мүдделілік бар мәмілелер жасау кезінде теріс пайдалануды қадағалау және мүмкіндігінше түзету;

2) Банкте корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды іске асыру.

5.13. Аса маңызды мәселелерді қарастыру және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін Банкте Директорлар кеңестерінің комитеттері құрылады.

Директорлар кеңестерінің комитеттері мынадай мәселелерді қарастырады:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар мен сыйақылар;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер;

5) Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған басқа мәселелер.

Осы тармақта айтылған мәселелерді қарастыру Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеттері нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімге ие Директорлар кеңесінің мүшелерінен және сарапшыларынан тұрады. Директорлар кеңесінің комитеттерін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары қызметіне осы тармақтың екінші бөлігінің 1)-4) тармақшаларында қарастырылған мәселелерді қарастыру кіретін тәуелсіз директорлар болады.

Банктің Басқарма төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесі комитеттерін құрастыру және жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Банктің ішкі құжатында белгіленеді.

5.14. Банк акционерлерінің жалпы жиналысын және Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізуді қамтамасыз ету мақсатында корпоративтік хатшы тағайындалады. Корпоративтік хатшы - Директорлар кеңесінің және (немесе) Банк Басқармасының мүшесі болып табылатын Банк қызметкері, ол Банктің Директорлар кеңесіне есеп береді.

Корпоративтік хатшы өз қызметі шеңберінде акционерлер жиналысының отырысын дайындауды және өткізуді бақылайды, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарды және Банк Директорлар кеңесінің материалдарын құрастыруды қамтамасыз етеді, оларға қол жеткізуді қамтамасыз етуді бақылайды.

Корпоративтік хатшы құзыреті мен қызметі Банктің ішкі құжаттарында анықталады.

5.15. Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшесі АҚ туралы Заңға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес жүктелген қызметтерді орындауды басқа тұлғаларға беруге құқылы емес.

Директорлар кеңесінің мүшелері мыналардың қатарынан сайланады:

1) акционерлер - жеке тұлғалар;

2) Директорлар кеңесіне акционерлер өкілдері ретінде сайлануға тізімдері берілген (ұсынылған) тұлғалар;

3) Банк акционері емес және Директорлар кеңесіне акционерлер өкілдері ретінде сайлануға тізімдері берілмеген (ұсынылмаған) жеке тұлғалар.

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды акционерлер дауыс беру бюллетендерін пайдаланып, жиынтық дауыс берумен іске асырады, Директорлар кеңесінде бір орынға бір үміткер дауысқа салынған жағдайды қоспағанда. Жиынтық дауыс беру бюллетені мынадай бағандардан тұруы тиіс:

1) Директорлар кеңесі мүшелігіне үміткерлер тізбесі;

2) акционерге тиесілі дауыстар саны;

3) Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткер үшін акционер берген дауыстар саны.

Жиынтық дауыс беруге арналған бюллетенге «қарсы» және «қалыс қалу» деп дауыс беру нұсқаларын кіргізуге тыйым салынады.

Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша бір үміткер үшін дауыс беруге немесе оларды Директорлар кеңесінің бірнеше үміткерлері арасында бөлуге құқылы. Директорлар кеңесіне сайланғандар болып көпшілік дауыс санын алғандар үміткерлер деп есептеледі. Егер Директорлар кеңесіне екі және одан көп үміткер тең дауыс жинаса, бұл үміткерлерге қатысты тең дауыс жинаған үміткерлерді көрсетіп, акционерлерге жиынтық дауыс беру бюллетендерін беру арқылы қосымша жиынтық дауыс беру жүргізіледі.

5.16. Алынып тасталды.

5.17. Банк Басқармасының мүшелері, оның басшысынан басқа, Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Банк Басқармасының төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

5.18. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамнан болуы тиіс. Банк Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

5.19. Мынадай тұлға Директорлар кеңесінің төрағасы немесе мүшесі, Банк Басқармасының төрағасы немесе мүшесі болып сайлана алмайды:

1) жоғары білімі жоқ;

2) Банктер туралы заңда белгіленген қаржылық ұйымдарда еңбек өтілі жоқ, олардың тізбесін уәкілетті орган белгілейді және (немесе) қаржылық қызметтер және (немесе) қаржылық ұйымдар аудитін өткізу қызметін көрсету және (немесе) реттеу саласында еңбек өтілі жоқ;

3) мінсіз іскерлік беделі жоқ;

4) бұрын басшы, басқару органының мүшесі, атқарушы орган мүшесі, қаржылық ұйымның бас бухгалтері, ірі қатысушы - жеке тұлға, ірі қатысушы (банктік холдинг) - қаржылық ұйымның заңды тұлғасының уәкілетті орган қаржылық ұйымды уақытша тоқтата тұру туралы немесе оның акцияларын мәжбүрлі сатып алу туралы шешім қабылдағанға дейін немесе қаржылық ұйымды таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметін атқаруды тоқтатуға алып келген қаржылық ұйым лицензиясынан айырғанға немесе қаржылық ұйымды мәжбүрлі тарату туралы заң күшіне енгенге немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны банкрот деп танығанға дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде басшы болған.

Көрсетілген талап уәкілетті орган қаржылық ұйымды уақытша тоқтата тұру туралы немесе оның акцияларын мәжбүрлі сатып алу туралы шешім қабылдағаннан немесе қаржылық ұйымды таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметін атқаруды тоқтатуға алып келген қаржылық ұйым лицензиясынан айырғаннан немесе қаржылық ұйымды мәжбүрлі тарату туралы заң күшіне енгеннен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны банкрот деп танығаннан кейін 5 (бес) жыл ішінде қолданылады;

5) осы және (немесе) басқа қаржылық ұйымда басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісім қайтарып алынған. Көрсетілген талап уәкілетті органның басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімді қайтарып алу туралы шешім қабылдағаннан кейін бірінен кейін бірі келетін соңғы 12 (он екі) ай ішінде қолданылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы немесе мүшесі, Банк Басқармасы төрағасы немесе мүшесі болып сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған немесе тағайындалған (сайланған) күнге дейін 3 (үш) жыл ішінде сыбайлас жемқорлық үшін тәртіптік жазаға тартылған тұлға тағайындалмайды (сайланбайды);

6) бұрын басшы, басқару органының мүшесі, атқарушы орган мүшесі, қаржылық ұйымның бас бухгалтері, ірі қатысушы (ірі акционер) - жеке тұлға, төрт және одан көп келесі кезеңдерде шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша дефолт жіберген немесе дефолт жіберілген шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша берешек сомасы купондық сыйақы мөлшерінен төрт есе және (немесе) одан көп мөлшерден тұратын немесе шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша дефолт мөлшері төлем жасалатын күні республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштен он есе асатын сомдан тұратын ірі қатысушы (ірі акционер) - заңды тұлға - эмитенттің басшысы, басқару органының мүшесі, атқарушы орган мүшесі, бас бухгалтері болған. Көрсетілген талап осы тармақшада қарастырылған жағдайлар туындаған сәттен бастап 5 (бес) жыл ішінде қолданылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында Директорлар кеңесінің, Банк Басқармасы құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын басқа талаптар белгіленуі мүмкін.

5.20. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шектеусіз мәрте қайта сайлануы мүмкін.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің Жалпы жиналысында белгіленеді. Директорлар кеңесінің өкілетті мерзімі акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу сәтінде аяқталады, онда жаңа Директорлар кеңесін сайлау өткізіледі.

Акционерлердің Жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі акционерлердің Жалпы жиналысы оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде іске асырылады.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің Жалпы жиналысында берілген жиынтық дауыс берумен іске асырылады, бұл ретте жаңадан сайланған Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің жалпы өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бір уақытта аяқталады.

5.21. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелері қатарынан жасырын дауыс берумен Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен сайланады.

Директорлар кеңесі кез келген уақытта Төрағаны қайта сайлай алады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырысын жүргізеді, сондай-ақ осы Жарғыда анықталған басқа функцияларды іске асырады.

Директорлар кеңесінің төрағасы орнында жоқ болған жағдайда оның қызметін Директорлар кеңесінің шешімімен Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі атқарады.

5.22. Банк Басқармасы Банктің ағымдағы қызметіне басшылық ететін Банктің алқалық атқарушы органы болып табылады.

5.23. Банк Басқармасы Банк қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда Банктің басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Банк Басқармасының шешімі отырысқа қатысқан Банк Басқармасының барлық мүшелері қол қоюы тиіс хаттамамен ресімделеді және дауыс беруге қойылған мәселелерден, әр мәселе бойынша Банк Басқармасының әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетіліп, ол бойынша дауыс беру қорытындысынан тұруы тиіс.

Банк Басқармасы мүшесінің дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, оның ішінде Банк Басқармасының басқа мүшесіне беруге рұқсат етілмейді.

Банк Басқармасы акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Банк өз Басқармасының Банк белгілеген шектеулерді бұзумен жасаған мәміленің нақтылығын мәміле жасау кезінде тараптардың мұндай шектеулер туралы білгенін дәлелдей алса, даулауға құқылы.

5.24. Банк Басқармасы:

а) Банк атынан әрекет етеді, оның ішінде оның мүдделерін білдіреді;

б) Банк атынан Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен мәміле жасайды;

в) Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес материалдарды акционерлердің Жалпы жиналысының және (немесе) Банк Директорлар кеңесінің қарастыруына шығарғанға дейін Басқарманың мұндай қарастыруы тиіс мәселелерді алдын ала қарастырады және олар бойынша тиісті материалдар, ұсыныстар және шешімдер жобасын дайындайды;

г) алынып тасталды;

д) Банк қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын камтамасыз етеді;

е) алынып тасталды;

ж) Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында құжаттарды қарастырады және бекітеді;

з) штаттық кестені бекітеді;

и) Банктің барлық қызметкерлері орындаулары міндетті шешім (қаулы) шығарады және нұсқаулар береді;

к) есепке алу, есептілік, ішкі бақылауды ұйымдастыру мәселелерін шешеді;

л) Банк Басқармасы төрағасының ұсынысы бойынша Банк Басқармасының қарастыруына қойылған басқа мәселелерді қарастырады және шешеді;

м) Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес және Банктің басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаған басқа қызметті іске асырады.

5.25. Банк Басқармасының мүшелері акционерлер және акционер болып табылмайтын Банк қызметкерлері болуы мүмкін. Банк Басқармасы мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы тиіс.

Банктің ірі қызметкері Банк Басқарма төрағасы лауазымына тағайындалмайды (сайланбайды).

Банк Басқармасының мүшесі басқа ұйымдарда Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы.

Банк Басқармасы мүшесінің қызметі, құқықтары және міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда, көрсетілген тұлғаның Банкпен жасайтын еңбек шартында анықталады. Банк атынан Банк Басқармасы төрағасымен жасалатын Еңбек шартына Банктің Директорлар кеңесінің төрағасы немесе акционерлердің Жалпы жиналысы немесе Банктің Директорлар кеңесі уәкілетті еткен тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалатын еңбек шартына Банктің Басқарма төрағасы қол қояды.

Банктің Басқармасы төрағасы атқарушы орган басшысының лауазымын немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органының қызметін жекелей іске асыратын тұлғаның лауазымын атқаруға құқылы емес.

5.26. Банк Басқармасының төрағасы:

1) Акционерлердің Жалпы жиналысы және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

2) Банк атынан үшінші тұлғалармен қатынаста сенімхатсыз әрекет етеді;

3) Банктің үшінші тұлғалармен қатынасында Банк мүддесін білдіруге сенімхат береді;

4) Банк қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды (Басқарма мүшелерін және осы Жарғының 5.10. тармағының 9), 10) тармақшаларында көрсетілген қызметкерлерді қоспағанда) іске асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза салады, Банктің штаттық кестесіне сәйкес лауазымдық жалақылар және жалақыларға дербес үстеме ақылардың мөлшерін белгілейді, олардың сыйлықақыларының мөлшерін анықтайды (Басқарма мүшелерін және осы Жарғының 5.10. тармағының 9), 10) тармақшаларында көрсетілген қызметкерлерді қоспағанда);

5) өзі жұмыста жоқ болғанда өз міндеттерін орындауды Банк Басқармасының бір мүшесіне жүктейді;

6) міндеттерді, сондай-ақ Банк Басқармасы мүшелерінің арасында өкілеттік және жауапкершілік салаларын бөледі;

7) осы Жарғыда және акционерлердің Жалпы жиналысы және Директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталған басқа қызметтерді іске асырады.

5.27. Банк қызметінің бағыттарына жетекшілік ететін Банк Басқарма мүшелері Басқарма төрағасының бұйрығына сәйкес, өз құзыреті шегінде Банк атынан Банк қызметкерлерінің Банктің үшінші тұлғалармен қатынастарында мүдделерін білдіру құқығына сенімхат беруге құқылы.

Басқарма төрағасының бұйрығы бойынша Банк Басқармасының жетекшілік ететін мүшесінің өтініш-қолдау хаты негізінде (бар болса) Банктің дербес құрылымдық бөлімшелерінің және оның құрамына кіретін бөлімшелердің басшылары өз құзыреті шегінде Банк қызметкерлерінің Банктің үшінші тұлғалармен қатынастарында мүдделерін білдіру құқығына сенімхат беруге құқылы.

5.28. Банктің қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасау үшін саны үш қызметкерден кем емес Ішкі аудит қызметі ұйымдастырылған.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесі мен Банк Басқармасы құрамына сайлана алмайды. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және олардың алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

5.29. Банктің лауазымды тұлғалары, оның ішінде Төраға және Директорлар кеңесінің мүшелері, Төраға және Банк Басқармасының мүшелері:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Банк пен акционерлер мүдделерін аса жоғары деңгейде көрсететін тәсілдерді пайдаланады;

2) Банк мүлкін осы Жарғыға және акционерлердің Жалпы жиналысы және Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы, сондай-ақ жеке мақсаттары үшін және өзінің үлестес тұлғаларымен мәміле жасауда теріс пайдаланбауы және пайдалануға жол бермеуге тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Банк қызметі туралы ақпаратты ашуды және беруді бақылайды;

5) Банк қызметі туралы құпиялы ақпаратты сақтауға, оның ішінде Банктегі жұмысы тоқтатылған сәттен бастап бес жыл ішінде сақтауға міндетті.

5.30. Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) ақпараттандырылған, бүркемесіздік, Банк пен оның акционерлері мүдделері негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, жарғының және Банктің ішкі құжаттарының, талаптарына сәйкес әрекет ету;

2) барлық акционерлерге әділ қарау, корпоративтік мәселелер бойынша объективтік тәуелсіз тұжырым шығару.

5.31. Банктің лауазымды тұлғалары Банк пен акционерлер алдында олардың әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздіктерінен келтірілген зиян үшін және Банк мынадай әрекет нәтижесінде шеккен залалдарды қоса, мұнымен шектелмей Қазақстан Республикасының заңында белгіленген жауапкершілікте болады:

1) жаңылыстыратын ақпарат немесе алдын ала жалған ақпарат беру;

2) осы АҚ туралы Заңда белгіленген ақпаратты беру тәртібін бұзу;

3) олардың адал емес әрекеттері және (немесе) әрекетсіздіктері нәтижесінде Банкке келтірілген залалдардың туындауына алып келген, оның ішінде Банкпен мұндай мәмілелер жасау нәтижесінде олардың немесе үлестес тұлғаларының кіріс (табыс) алу мақсатында ірі мәмілелер және (немесе) мәмілелер жасауға мүдделі ұсыныстар.

Акционерлердің жалпы жиналысының АҚ туралы Заңда және (немесе) осы Жарғыда қарастырылған жағдайларда жасауға мүдделігі бар, оның ішінде орындау нәтижесінде Банкке залал келтірілсе, олардың немесе үлестес тұлғаларының кіріс (табыс) алу мақсатында ірі мәміле және (немесе) мәміле жасау туралы шешім қабылдауы оны жасауға ұсыныс жасаған лауазымды тұлғаны немесе адал әрекет етпеген лауазымды тұлғаны және (немесе) Банк органының отырысында әрекетсіз болған мүшесін жауапкершіліктен босатпайды.

5.31.1. Банк акционерлердің жалпы жиналасының немесе Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызына ие акционердің (акционерлердің) шешімі негізінде өз атынан Банкке келтірілген зиян мен залалды өтеу туралы талап арызбен лауазымды тұлғаға, лауазымды тұлға адал әрекет етпеген және (немесе) әрекет етпеген жағдайда Банкке келтірілген залалдың туындауына алып келген, жасауға мүдделілік болған ірі мәмілелер және (немесе) мәмілелер жасау нәтижесінде лауазымды тұлға және (немесе) оның үлестес тұлғалары алған кірісті (табысты) қайтару туралы сотқа өтініш жасауға құқылы.

Банк акционерлердің жалпы жиналасының немесе Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызына ие (жиынтығында ие) акционердің (акционерлердің) шешімі негізінде өз атынан Банкке келтірілген зиян мен залалды өтеу туралы Банктің лауазымды тұлғасына және (немесе) үшінші тұлғаға талап арызбен, мұндай мәмілені жасау және (немесе) іске асыру кезінде бұл лауазымды тұлға мұндай үшінші тұлғамен келісім негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, жарғының және Банктің ішкі құжаттарының немесе еңбек шартының талаптарын бұзумен әрекет етсе, сотқа өтініш жасауға құқылы. Бұл жағдайда көрсетілген үшінші тұлға және Банктің лауазымды тұлғасы Банкке мұндай залалдарды өтеу кезінде Банктің бірлескен борышкерлері ретінде болады.

Сот органдарына өтініш жасауға дейін Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызына ие (жиынтығында ие) акционер (акционерлер) Банктің Директорлар кеңесінің төрағасына Банктің лауазымды тұлғалары келтірген залалды Банкке өтеу және жасауға мүдделілік болған ірі мәмілелер және (немесе) мәмілелер жасау нәтижесінде лауазымды тұлға және (немесе) оның үлестес тұлғалары алған кірісті (табысты) қайтару туралы мәселені Директорлар кеңесінің отырысына қою туралы талаппен өтініш жасауға тиіс.

Директорлар кеңесінің төрағасы осы тармақта көрсетілген өтініш түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей Директорлар кеңесінің жүзбе-жүз отырысын шақыруға міндетті.

Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызына ие (жиынтығында ие) акционердің (акционерлердің) өтініші бойынша Директорлар кеңесінің шешімі оның (олардың) назарына отырыс өткізілген күннен бастап үш күнтізбелік күн ішінде жеткізіледі. Директорлар кеңесінің көрсетілген шешімін алғаннан кейін немесе осы тармақта белгіленген мерзімде алмағанда Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызына ие (жиынтығында ие) акционер (акционерлер) акционердің Банктің Директорлар кеңесінің төрағасына көрсетілген мәселе бойынша өтініш жасағанын растайтын құжаттар болғанда өз атынан сотқа талап арыз беруге құқылы.

5.31.2. Банктің лауазымды тұлғасы, орындалуы нәтижесінде Банкке залал келтірілген мәміле жасауға мүдделі және мәміле жасауға ұсыныс жасаған лауазымды тұлғаны қоспағанда, залал келтірген, Банк органы қабылдаған Банк немесе акционер шешіміне қарсы дауыс берсе немесе дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаса, жауапкершіліктен босатылады.

Лауазымды тұлға АҚ туралы Заңда белгіленген Банктің лауазымды тұлғалары қызметінің айқындамаларын сақтай отырып, тиісті түрде, шешім қабылдау сәтінде өзекті (тиісті түрдегі) ақпарат негізінде және мұндай шешім негіздемелі түрде Банк мүдделеріне қызмет етеді деп есептегені

дәлелденген жағдайда коммерциялық (кәсіпкерлік) шешім нәтижесінде туындаған залалдарды өтеуден босатылады.

5.31.3. Сот меншікке қарсы, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе басқа ұйымдарда қызмет мүддесіне қарсы қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп таныған, сондай-ақ қылмыс жасағаны үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық-іс жүргізу кодексінің 35 немесе 36 бабының бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10), және 12) тармақтарының негізінде қылмыстық жауапкершіліктен босатылғандар заңда белгіленген тәртіппен соттылық өтелген немесе алынып тасталған немесе қылмыстық жауапкершіліктен босатылған күннен бастап бес жыл ішінде Банктің лауазымдық тұлғаларының, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының акционерлері/акционері өкілінің міндеттерін орындай алмайды.

5.31.4. Банктің қаржылық есептілігі Банктің қаржылық жағдайын бұрмалаған жағдайда Банктің осы қаржылық есептілігіне қол қойған Банктің лауазымды тұлғалары осының нәтижесінде материалдық зиян келтірілген үшінші тұлғалар алдында жауапкершілікте болады.

VI. БАНК ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

6.1. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы мынадай тұлғалардың бастамасы бойынша шақырылады:

- 1) Директорлар кеңесі;
- 2) ірі акционер.

Ерікті түрде тарату процесіндегі Банк Акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын Банктің тарату комиссиясы шақыруы, дайындауы және өткізуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын міндетті түрде шақыру жағдайлары қарастырылуы мүмкін.

Акционерлерінің Жалпы жиналысын дайындау және өткізуді іске асырады:

- 1) Банк Басқармасы;
- 2) жасалған шартқа сәйкес Банк тіркеушісі;
- 3) Директорлар кеңесі;
- 4) Банктің тарату комиссиясы.

Акционерлерінің Жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу шығыстарын, АҚ туралы Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Банк көтереді.

Акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысы Банк органдары АҚ туралы Заңда белгіленген акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын шақыру тәртібін бұзған жағдайда кез келген мүдделі тұлғаның талап арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы Банк органдары акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізу туралы талабын орындамаған Банктің ірі акционерінің талап арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

6.2. Ірі акционердің Банк акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы талабы Директорлар кеңесіне Банк Басқармасы орналасқан жерге мұндай жиналыстың күн тәртібінен тұратын тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

Банктің Директорлар кеңесі күн тәртібі мәселелерін құрастыруға өзгерістер енгізуге және ірі акционердің талабы бойынша шақырылатын акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізудің ұсынылған тәртібін өзгертуге құқылы емес.

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру кезінде қойылған талапқа сәйкес Директорлар кеңесі Жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қарастыруы бойынша кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы.

6.2-1. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы талап ірі акционерден (акционерлерден) шыққан жағдайда ол осындай жиналыс шақыруды талап ететін акционердің (акционерлердің) атынан (атауынан) және оған тиесілі акциялардың санын, түрін көрсетуден тұруға тиіс.

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы талапқа акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы талап еткен тұлға (тұлғалар) қол қояды.

6.2-2. Директорлар кеңесі көрсетілген талапты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шешім қабылдауға және мұндай шешім қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы талапты қойған тұлғаға акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылданғаны немесе оны шақырудан бас тартылғаны туралы хабар жіберуге міндетті.

6.2-3. Директорлар кеңесінің ірі акционердің талабы бойынша акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырудан бас тартқаны туралы шешімі мынадай жағдайда қабылдануы мүмкін:

1) осы Жарғының 6.2., 6.2-1., 6.2-2. тармақтарында белгіленген акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы талап қою тәртібі сақталмаған;

2) Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізу үшін ұсынылған мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген.

Директорлар кеңесінің акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешімі сотта даулануы мүмкін.

6.2-4. АҚ туралы Заңда белгіленген мерзім ішінде Директорлар кеңесі қойылған талап бойынша акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдамаса, оны шақыруды талап еткен тұлға Банкті акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізуге міндеттеу талабымен сотқа өтініш жасауға құқылы.

6.3. Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Банк тіркеушісі Банк акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесінің мәліметтері негізінде жасайды. Көрсетілген тізімді жасау күні Жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбейді.

Акционерлер тізіміне енгізілуі тиіс мәліметтерді уәкілетті орган анықтайды.

6.4. Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін осы тізімге енгізілген тұлға өзіне тиесілі Банктің дауыс беретін акцияларын иеліктен шығарған жағдайда акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге өтеді. Бұл ретте акцияларға меншік құқығын растайтын құжаттар берілуі тиіс.

6.5. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты жиналысқа қатысуға құқығы бар тұлғалардың көп саны қатыса алатындай түрде белгіленуі тиіс.

Акционерлердің Жалпы жиналысы Банк Басқармасы орналасқан елді мекенде өткізілуі тиіс.

Банктің Санақ комиссиясы жиналысқа қатысушыларды тіркеуді бастау уақытын және жиналысты өткізу уақытын жиналыс қатысушыларын тіркеуді, санауды жүргізу және оның қворумының бар екенін анықтау үшін жеткілікті уақытпен қамтамасыз етуге тиіс.

6.6. Акционерлер алда болатын Жалпы жиналысты өткізу туралы отыз күнтізбелік күннен кешіктірілмей хабарландырылуы, сырттай немесе аралас дауыс берілген жағдайда - жиналыс өткізілетін күнге дейін қырық бес күнтізбелік күн бұрын хабарландырылуы тиіс.

Банк акционерлерінің жалпы жиналысы отырысының күн тәртібіне пруденциалдық және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа нормалар мен лимиттерді орындау мақсатында Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы мәселе енгізілген жағдайда уәкілетті органның талап етуі бойынша акционерлер алда өткізілетін Жалпы жиналыс туралы он жұмыс күні бұрын, сырттай немесе аралас дауыс берілген жағдайда - жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес жұмыс күні бұрын хабарландырылуы тиіс.

Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабар бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы және (немесе) акционер назарына жазбаша хабарлама жіберу арқылы жеткізілуі тиіс.

Банк акционерлерінің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабар мыналардан тұруға тиіс:

1) Банк Басқармасының толық атауы мен орналасқан жері;
2) жиналысты шақыруға бастама жасаушы туралы мәліметтер;
3) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орны, жиналыс қатысушыларын тіркеуді бастау уақыты, сондай-ақ бірінші жиналыс өткізілмесе, өткізілуі тиіс Банк акционерлерінің Жалпы жиналысын қайта өткізу күні мен уақыты;

4) Акционерлерінің Жалпы жиналысына қатысу құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні;

5) Акционерлерінің Жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;

7) жиналысты өткізу тәртібі;

8) сырттай дауыс беру және сырттай дауыс беру үшін процедураны жүргізу тәртібі;

9) жиналысты өткізудің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген нормалар.

6.7. Акционерлердің Жалпы жиналысын қайта өткізу акционерлердің бастапқы (өткізілмеген) Жалпы жиналысын өткізудің белгіленген күнінен кейінгі келесі күннен ерте белгіленбеуі тиіс.

Акционерлердің Жалпы жиналысын қайта өткізу акционерлердің өткізілмеген Жалпы жиналысының орналасқан орнында өткізілуі тиіс.

Акционерлердің қайта өткізілетін Жалпы жиналысының күн тәртібі акционерлердің өткізілмеген Жалпы жиналысының күн тәртібінен ерекшеленбеуі тиіс.

6.8. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі құрастырады және талқылауға шығарылған нақты құрастырылған мәселелердің толық тізбесінен тұруы тиіс.

Банктің акционерлері, Жалпы жиналысты өткізу күніне дейін он бес күннен кешіктірмей, немесе осы тармақтың бесінші абзацымен белгіленген тәртіпте, осындай толықтырулардың болатындығы туралы ескертілген жағдайда, Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленетін акционермен, немесе Директорлар кеңесімен толықтырылуы мүмкін.

Жүзбе-жүз өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысын ашу кезінде Директорлар кеңесі өздері алған күн тәртібін өзгерту бойынша ұсыныстар туралы баяндауға тиіс.

Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста берілген Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының көпшілік дауысымен іске асырылады.

Күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар акционерлердің Жалпы жиналысына қатысушы және жиынтығында Банктің дауыс беруші акцияларының кемінде тоқсан бес пайызына ие акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі дауыс берсе, енгізілуі мүмкін.

Егер енгізу үшін орналастырылған (сатып алынғандар шегерілген) артықшылықты акциялардың жалпы санының үштен екісінен кем дауыс берілсе, күн тәртібі шешу артықшылықты акцияларға ие акционерлердің құқығын шектеуі мүмкін мәселемен толықтырылуы мүмкін.

Акционерлердің Жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдағанда акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертілмеуі және (немесе) толықтырылмауы мүмкін.

Акционерлердің Жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарастыруға және ол бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.

Күн тәртібінде «түрлі», «өзге», «басқалар» және оларға ұқсас анықтамаларды қоса, кең түсінікті анықтамаларды пайдалануға рұқсат етілмейді.

6.9. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар осы мәселе бойынша негізделенген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпараттан тұруға тиіс.

Банк органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдар ұсынылатын үміткерлер туралы мынадай ақпараттан тұруға тиіс:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша - әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) Банкпен үлестестігі туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орны мен орындайтын лауазымы туралы мәліметтер;
- 5) үміткерлердің біліктілігін, тәжірибесін растайтын басқа ақпарат.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне Банктің Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы мәселе енгізілген жағдайда материалдарда Директорлар кеңесі мүшесіне ұсынылатын, үміткер қай акционердің өкілі екені немесе ол Банктің тәуелсіз директоры лауазымына үміткер болып табылатыны көрсетілуі тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткер АҚ туралы Заңның 54-бабының 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген акционер немесе жеке тұлға болып табылған жағдайда бұл мәліметтер материалдарда акционердің акционерлер тізімі құрастырылатын күні Банктің дауыс беретін акцияларына ие болуы үлесі туралы мәліметтерді енгізіле отырып, көрсетілуі тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар мыналардан тұруға тиіс:

- 1) Банктің жылдық қаржылық есептілігі;
- 2) жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есеп;
- 3) Директорлар кеңесінің өткен қаржылық жыл үшін Банктің таза табысын бөлу тәртібі және Банктің бір жай акциясына есептегенде жыл үшін дивиденд мөлшері туралы ұсынысы;
- 4) Банк және оның лауазымдық тұлғаларының әрекеттеріне акционерлердің өтініштері және оларды қарастыру қорытындылары туралы ақпарат;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге бастама жасаушының қарастыруы бойынша басқа құжаттар.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар акционерлер танысу үшін жиналыс өткізілетін күнге дейін он күннен кешіктірілмей акционерлерді таныстыру үшін дайын болуға және Банктің атқарушы органының орналасқан жерінде қолжетімді болуға тиіс, ал акционер сұратуы бар болғанда - сұрату алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған жіберілуі тиіс, құжаттар көшірмелерін дайындау және құжаттарды жеткізу шығысын акционер көтереді.

6.10. Акционерлердің жалпы жиналысы жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте жиынтығында Банктің елу және одан көп дауыс беретін акцияларына ие, оған қатысуға және дауыс

беруге құқығы бар акционерлер тізіміне енгізілген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген болса, күн тәртібі мәселелерін қарастыруға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Өткізілмегеннің орнына қайта өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібін қарастыруға және ол бойынша шешім қабылдауға құқылы, егер:

1) кворум жоқ болған себепті өткізілмеген акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталса;

2) қатысу үшін тіркеу аяқталған сәтте жиынтығында Банктің қырық және одан көп дауыс беретін акцияларына ие акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса.

Акционерлерге көрсетілген бюллетендерде берілген және Банк Жалпы жиналыс қатысушыларын тіркеу сәтінде алған дауысқа сырттай дауыс беруге арналған бюллетендер жіберілген жағдайда кворум анықтау және дауыс беру қорытындыларын жасау кезінде ескеріледі.

Акционерлердің Жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде кворум жоқ болған жағдайда акционерлердің Жалпы жиналысы қайта өткізілмейді.

6.11. Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған Санақ комиссиясының қызметін акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы іске асырады.

Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша Санақ комиссиясының қызметі Банк тіркеушісіне жүктелуі мүмкін.

6.12. Акционердің акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және қарастырылатын мәселелер бойынша жеке немесе өз өкілі арқылы дауыс беруге құқығы бар.

Банк Басқармасы мүшелерінің акционерлердің Жалпы жиналысына акционерлер өкілдері ретінде қатысуға құқықтары бар.

Банк қызметкерлерінің акционерлердің Жалпы жиналысына акционерлер өкілдері ретінде қатысуға құқықтары бар, мұндай өкілдік акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқаулардан тұратын сенімхатқа негізделген жағдайларды қоспағанда.

Акционер өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде әрекет етеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционер атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін білдіруге құқығы бар тұлғадан акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қарастырылатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

6.13. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға және Банктің ішкі қызметін реттейтін Банктің басқа құжаттарына сәйкес немесе акционерлердің Жалпы жиналысының тікелей шешімімен анықталады.

Акционерлердің Жалпы жиналысын ашуға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізледі. Акционер өкілі акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілеттігін растайтын сенімхат көрсетуге тиіс.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционер өкілі) кворум анықтау кезінде ескерілмейді және дауыс беруге қатысуға құқылы емес.

Артықшылықты акциялардың меншіктенушілері болып табылатын акционер жүзбе-жүз өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қарастырылатын мәселелерді қатысуға құқылы.

Жүзбе-жүз тәртіппен өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өзгеше белгіленбесе, оған шақырусыз басқа тұлғалар да қатыса алады. Акционерлердің Жалпы жиналысында мұндай тұлғалардың сөз сөйлеу құқығы акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болғанда жарияланған уақытта ашылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы, барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарландырылған және жиналысты ашу уақытын өзгертуге қарсы емес болған жағдайды қоспағанда, бұрын жарияланған уақыттан ерте ашылмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы Жалпы жиналыстың Төрағасын (Президиумын) және хатшысын сайлауды жүргізеді.

Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру нысанын - ашық немесе жасырын (бюллетендер бойынша) анықтайды. Жалпы жиналыстың Төрағасын (Президиумын) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс бергенде әр акционер бір дауысқа ие, ал шешім қатысушылар санының жай көпшілік дауысымен қабылданады. Басқарма мүшелері Акционерлердің Жалпы жиналысында, жиналысқа қатысушы барлық акционерлер Банк Басқармасына кіретін жағдайды қоспағанда, төрағалық ете алмайды.

Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу барысында оның Төрағасы дауыс беруге қарастырылатын мәселе бойынша жарыссөздерді тоқтату, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсынысты дауыс беруге ұсынуға құқылы.

Төраға мұндай сөз сөйлеулер Акционерлердің Жалпы жиналысының регламентін бұзуға алып келетін және бұл мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайды қоспағанда, күн тәртібі мәселесін талқылауға қатысуға құқығы бар тұлғалардың сөз сөйлеуіне кедергі жасауға құқылы емес.

Акционерлердің Жалпы жиналысы жұмысында үзіліс жасау және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің кейбір мәселелерін қарастыруды келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібінің барлық мәселелері қарастырылғаннан және ол бойынша шешім қабылданғаннан кейін жабық деп жариялануы мүмкін.

Акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен сенімділігі үшін жауап береді.

6.14. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің Жалпы жиналысында (аралас дауыс беру) қатысушы акционерлердің дауыс беруімен бірге немесе Акционерлердің Жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін.

Сырттай дауыс беру кезінде акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға дауыс берудің бірыңғай нысанына арналған бюллетендер жіберіледі (таратылады).

Банк жекелеген акционерлерге Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатында дауыс беруге арналған бюллетендерді таңдап жіберуге құқылы.

Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға Акционерлердің Жалпы жиналысының отырысы өткізілетін күнге дейін қырық бес күннен кешіктірмей жіберілуге тиіс.

Сырттай дауыс беру бюллетені мыналардан тұруға тиіс:

- 1) Банк Басқармасының толық атауы мен орналасқан жері;
 - 2) жиналысты шақыруға бастама жасаушы туралы мәліметтер;
 - 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетендер берудің соңғы күні;
 - 4) Акционерлердің Жалпы жиналысы отырысы өткізілетін күн немесе Акционерлердің Жалпы жиналысының отырысы өткізілмей сырттай дауыс беру үшін дауыстарды есептеу күні;
 - 5) Акционерлерінің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
 - 6) Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелерден тұратын болса, сайлауға ұсынылған үміткерлердің аттары;
 - 7) дауыс беру жүргізілетін мәселелерді құрастыру;
 - 8) Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша «жақтағандар», «қарсы болғандар», «қалыс қалғандар» сөздерімен берілген дауыс беру нұсқалары;
 - 9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетень толтыру) тәртібін түсіндіру;
- Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге акционер-жеке тұлға, осы тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат мәліметтерін көрсетіп, қол қоюға тиіс.

Акционер-занды тұлғаның сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы қол қоюға және заңды тұлғаның мөрімен (бар болса) куәландырылуы тиіс.

Акционер-жеке тұлғаның немесе акционер-занды тұлғаның қолы қойылмаған, сондай-ақ заңды тұлғаның мөрімен (бар болса) куәландырылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі.

Дауыстарды санау кезінде акционер бюллетенде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің бір мүмкін болатын нұсқалары ғана белгіленген мәселелер бойынша ескеріледі.

Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелерден тұратын болса сырттай дауыс беруге арналған бюллетенде жекелеген үміткерлер үшін берілген дауыстары санын көрсетуге арналған жол болуға тиіс.

Акционерлердің Жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде тиісті түрде толтырылған бюллетендер барлық акционерлерден дауыстарды санаудың белгіленген күнінен ерте түссе, онда дауыстарды ерте есептеуге рұқсат етіледі, бұл дауыс беру қорытындылары туралы хаттамада көрсетіледі.

Егер сырттай дауыс беруге арналған бюллетенді бұрын жіберген акционер аралас дауыс беру пайдаланылатын Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру үшін келсе, оның бюллетені Акционерлердің Жалпы жиналысының кворумын анықтау және күн тәртібі бойынша дауыстарды есептеу кезінде ескеріледі.

6.15. *Алынып тасталды.*

6.16. Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция - бір дауыс» айқындамасы бойынша іске асырылады, мынадай жағдайларды қоспағанда:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеу;

2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде жиынтық дауыс беру;

3) Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беруге құқығы бар әрбір тұлғаға акционерлердің Жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беру.

Жиынтық дауыс беру кезінде акция бойынша берілетін дауыстарды акционер Директорлар кеңесі мүшелеріне бір үміткер үшін толық беруі немесе олар Директорлар кеңесі мүшелігіне бірнеше үміткерлер арасында бөлінуі мүмкін. Ең көп дауыс берілген үміткерлер Директорлар кеңесіне сайланған деп танылады.

Жүзбе-жүз өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысында жасырын тәсілде іске асырылатын жағдайда мұндай дауыс беруге арналған бюллетендер (бұдан әрі осы бапта - жүзбе-жүз құпия дауыс беруге арналған бюллетендер) дауыс беру құпия тәсілмен іске асырылатын әрбір жекелеген мәселе бойынша жасалуы тиіс. Бұл ретте жүзбе-жүз құпия дауыс беруге арналған бюллетень мыналардан тұруға тиіс:

1) мәселені құрастыру немесе жиналыс күн тәртібіндегі оның реттік нөмірі;

2) «қақтағандар», «қарсы болғандар», «қалыс қалғандар» сөздерімен берілген мәселе бойынша дауыс беру нұсқалары немесе Банк органдарына әрбір үміткер бойынша дауыс беру нұсқалары;

3) акционерге тиесілі дауыстар саны.

Жүзбе-жүз құпия дауыс беруге арналған бюллетенге акционер қол қоймайды, акционер бюллетенге қол қоюға өзі тілек білдірген жағдайды қоспағанда, оның ішінде Банкке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзіне тиесілі акцияны сатып алу туралы талап қою мақсатында.

Жүзбе-жүз құпия дауыс беруге арналған бюллетень бойынша дауыстарды есептеу кезінде дауыс беруші бюллетенде анықталған дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің мүмкін болатын нұсқаларының бірі ғана белгіленген мәселелер бойынша дауыстар ескеріледі.

6.17. Дауыс беру қорытындылары бойынша Банктің Санақ комиссиясы хаттама жасайды және дауыс беру қорытындылары бойынша қол қойылады.

Акционердің дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша ерекше пікірі болғанда Банктің Санақ комиссиясы хаттамаға тиісті жазу енгізуге міндетті.

Дауыс беру қорытындылары бойынша хаттама жасау және қол қою кезінде негізінде хаттама жасалған жүзбе-жүз құпия және сырттай дауыс беруге арналған толтырылған бюллетендер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетендер) хаттамамен бірге тігіледі және Банк мұрағатына беріледі.

Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына қосылуы тиіс.

Дауыс беру қорытындылары дауыс беру жүргізілген акционерлердің Жалпы жиналысында жарияланады.

Акционерлердің Жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру қорытындылары акционерлер назарына оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау немесе әрбір акционерге акционерлердің Жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он бес күнгізбелік күн ішінде жазбаша жіберу арқылы жеткізіледі.

Акционерлерді дауыс беру қорытындылары туралы хабарлама әрбір акционерге тікелей жіберіледі немесе Жарғыда анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

6.18. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалуы және қол қойылуы тиіс.

Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасында көрсетіледі:

1) Банк Басқармасының толық атауы мен орналасқан жері;

2) Акционерлердің жалпы жиналысы өтетін күн, уақыты және орны;

3) Акционерлердің Жалпы жиналысында берілген Банктің дауыс беруші акциялардың саны туралы мәліметтер;

4) Акционерлердің Жалпы жиналысының кворумы;

5) Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;

7) Акционерлердің Жалпы жиналысының төрағасы (Президиумы) және хатшысы;

8) Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысатын тұлғалардың сөз сөйлеуі;

9) Акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібінің дауыс беруге қойылған әрбір мәселесі бойынша акционерлер дауысының жалпы саны;

10) дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

11) Акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер.

Акционерлердің Жалпы жиналысы Банктің Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселені қарастырған жағдайда Жалпы жиналыстың хаттамасында сайланған Директорлар кеңесінің мүшесі қай акционердің өкілі және (немесе) Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінен кім тәуелсіз директор болып табылатындығы көрсетіледі.

6.19. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына мына тұлғалар қол қоюға тиіс:

- 1) Акционерлердің Жалпы жиналысының төрағасы (Президиумы) және хатшысы;
- 2) Санақ комиссиясының мүшелері;
- 3) Банктің дауыс беретін акцияларының он және одан асатын пайыздарына ие және

акционерлердің Жалпы жиналысына қатысқан акционерлер.

Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлғаның қол қоюға мүмкіндігі жоқ болған жағдайда хаттамаға оның өкілі оған берілген сенімхат негізінде қол қояды немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционер атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін білдіруге құқығы бар тұлға қол қояды.

6.20. Осы Жарғының 6.19. тармағында көрсетілген тұлғалардың бірі хаттама мазмұнына келіспеген жағдайда бұл тұлға бас тарту себебі туралы жазбаша түсінік бере отырып, қол қоядан бас тартуға құқылы, ол хаттамаға қосылуы тиіс.

Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, Жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына сенімхаттармен, хаттамаға қол қою және хаттамаға қол қояудан бас тартудың жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі. Көрсетілген құжаттарды Банк Басқармасы сақтайды және акционерлерге кез келген уақытта таныстыруға беріледі. Акционердің талап етуі бойынша Акционерлердің Жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

6.21. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша немесе мынадай тұлғалардың талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі;
- 2) Банктің ішкі аудит қызметі;
- 3) Банк аудитін іске асыратын аудиторлық ұйым;
- 4) ірі акционер.

Директорлар кеңесі отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібінен тұратын тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда көрсетілген талаппен Басқармаға өтініш жасауға құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап түскен күннен бастап он күнгізбелік күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақырумен өткізіледі.

Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі анықтайды.

Күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде жеті күнгізбелік күн бұрын беріледі.

Жасауға мүдделілік болған ірі мәмілені және (немесе) мәмілені жасау туралы шешім қабылданғаны туралы мәселе қарастырылған жағдайда мәміле туралы ақпарат мәміле талаптары туралы, мәмілені орындау мерзімі мен талаптары, тартылған тұлғалардың қатысу үлесінің көлемі туралы мәліметтерден, сондай-ақ бағалаушы есебінен тұруы тиіс (АҚ туралы Заңның 69-бабының 1-тармағында қарастырылған жағдайда).

Мәмілені жасауға мүдделі тұлғалар үш жұмыс күні ішінде Директорлар кеңесінің назарына өздерінің мәміле тарабы екендігі немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатыны туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.

Банк бұқаралық ақпарат құралдарында Директорлар кеңесі ірі мәміле жасау туралы шешім қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде қазақ және орыс тілдерінде мәміле туралы хабарды жариялайды.

Директорлар кеңесінің мүшесі Басқарманы Директорлар кеңесі отырысына қатысуға мүмкіндігі жоқ екендігі туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

6.22. Директорлар кеңесі отырысын өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің санының жартысынан кем болмауы тиіс.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақта анықталған кворумға жету үшін жеткіліксіз болса жағдайда Директорлар кеңесі жаңа Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау үшін кезектен тыс акционерлердің Жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған

мүшелері мұндай кезектен тыс акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

6.23. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімі отырысқа қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады, Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше қарастырылмаса.

Дауыстар тең болғанда Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші Директорлар кеңесі төрағасының дауысы шешуші болады.

Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, онда Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

6.24. Директорлар кеңесінің Директорлар кеңесінің қарастыруына шығарылған мәселелер бойынша шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданады.

Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесінің отырысына қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыс беруімен (аралас дауыс беру) немесе Директорлар кеңесінің отырысы өткізілмей қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру арқылы шешім бюллетендерде белгіленген мерзімде алынған кворум бар болғанда қабылданған деп танылады.

Бюллетень мыналардан тұруы тиіс:

- 1) Эмитенттің толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) дауыс беруді жүргізуге бастама жасаушы туралы мәліметтер;
- 3) дауыс беруге арналған бюллетендер берудің соңғы күні;
- 4) дауыс беруге қойылған анық және бір мәнде құрастырылған мәселе (мәмілелер);
- 5) «ия», «жок», «қалыс қалды» сөздерімен берілген дауыс беру нұсқалары;
- 6) бюллетенді толтыру тәртібі бойынша түсіндіру.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша нысанда ресімделуі және Директорлар кеңесінің Хатшысы мен Төрағасы қол қоюға тиіс.

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде ол Директорлар кеңесінің мүшелеріне негізінде осы шешім қабылданған бюллетендер көшірмелері қоса беріліп, жіберілуі тиіс.

